

ҒТАХР 17.82.32

ӘНГІМЕ ЖАНРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Б.Т.Панзабек¹, Зухал Юксел²

¹ 6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3 курс PhD докторанты

² PhD доктор, профессор

¹ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

² Анкара Қажы Байрам Уәли университеті, Түркия, Анкара қ.

email: bagyla05@gmail.com

Мақалада әңгіме жанрының зерттелу тарихы, маңызы және әңгімені оқытудағы мәселелер айқындалады. Әңгімедегі ұлттық құндылықтар қарастырылады. Қазақ әдебиетінде әңгіме жанры зерттеген ғалымдар мен шетелдік ғалымдардың да пікірлері сарапталады. Қазіргі кезде заман талабынай сай әңгімеге қатысты көркем ізденістер, поэтикалық байланыстар, оқыту-талдау мәселелері кеңінен зерттеуді талап етеді. Соған орай мақалада әңгімедегі теориялық ой-пікірлерді жүйелеуге, бұрыннан белгілі деректер мен пікірлерді басқа қырынан тануға, жаңаша бағалауға, жүйелі талқылауға зерттеу жасайды.

Түйін сөздер: әңгіме, мәтін, түсіндіру, ақпарат, әдістер

Әңгіме – қазақтың рухани дүниесі, рухани сусыны. Қазақ әдебиетінде шағын жанрдағы әңгіме шынтуайтында қазақы ұғымға негізделеді. Әңгіме әр ұлттың дәстүріне байланысты үнемі дамып, жетіліп отырады.

Ұлттық әдебиетімізде әңгіменің бастауына ертегі, аңыздар, шешендік сөздер жазушыларымызға үлгі бола алды. Одан беріде Ыбырай Алтынсариннің қалдырған сүрлеуі, өнегесі халқымыздың рухани тарихында шоқтығы биік. Яғни, әңгіме жанрының дамуына ауыз әдебиеті мен Ыбырай қалдырған мұра ықпал жасағаны ақиқат. Қазақ халық әдебиетінде ауызша әңгімелер сан жағынан да, сапа жағынан да елеулі орын алады. Қазақтың ауызша әңгімелері шындыққа негізделген, құрылысы, көркемдігі жағынан тарихи, тәрбиелік мәні зор, оларды қазақы дүниетаным тұрғысынан мән бере отырып, қазақтың ұлттық табиғатына байланысты туындатты. Әуел баста көрген-білгендерінен жеке әңгімешілер, тілмәр шешендер шығарған аңыз әңгімелер әңгімеге айналған. Жазушы М.Әуезов: «Қазақ ауыз әдебиетінде тамаша реалистік әңгімелер бар, олардың қайсыбіреулері көркем әңгіме, повестерден кем емес. Қазіргі қазақ прозасы солардың дайын үлгісімен, өнегесімен өсіп жетілді...» [1; 314] – десе, А.Байтұрсын: «Жазу әдебиеті негізінде үшке бөлінеді: 1. Ертеке (әңгіме). 2. Толғау. 3. Айтыс-тартыс» [2; 283] деген пікірлері көптеген ғылыми еңбектерге негіз болады. Бұл ауызша әңгімелердің ғылыми айналымға толық түспеуінің себептері, біріншіден, сол кездегі ауыз әдебиетінің ғылыми жүйеленбеуі, екіншіден, аталған әңгімелердің шындыққа негізделген, саяси мәнді болуы, әңгіме әдебиет жанры болып қалыптасып, әңгіме тек әдебиеттануда деген ұғым мен қолданыстың болуы. Жалпы, ауызша әңгіме – таным тұрғысынан эстетикалық құндылығы бар жанр. Ауызша әңгімелер – қолма-қол әрекет ететін жанр, болған оқиғаға тез баға береді. Ауызша әңгімелердегі кейіпкерлер қазақ әдебиетінде, түркі тілдерінің әдебиетінде белгілі, өзіндік ерекшеліктерімен танылған. Күлдіргі әңгімелердегі Алдар Көсе мен Қожанасыр бейнесі өткір, алғыр, шешен, ұтқыр, жолтапқыш. Бұл бейнелердің өміршеңдігі зерттелу деңгейінен көрінеді. Бұдан өзге Қазыбек, Төле, Тайкелтір, Көбей, Толыбай сияқты тарихи тұлғалар осы ауызша әңгімелердің зерттелу қажеттілігін арттырып тұр. Ауызша әңгімелердегі ақпарат негізінен ұлттық дүниетанымға, салт-дәстүрге, ұлттық тәрбиеге, ұлттық характерге, ұлттық қағидаттарға сүйенеді.

Халқымыз өзінің тұрмыс-салты, күнделікті тіршілігі жайлы ауызша әңгімелер туғызып, бір рет қана айтылып қоймай, әр жерде, жиын-тойларда айтылған, ондағы оқиға бірте-бірте тұрақты сюжетке айналып, арнайы дәстүрлі жанрға өзгереді. Жеке адамның басынан өткен оқиға ретінде

айтылатын мұндай әңгімелерді халықаралық фольклортануда меморат деп қабылдайды. Ғалым-фольклортанушы С.Қасқабасов та осы пікірді қолдайтындығын өз еңбегінде көрсетті [3; 13].

Ал орыс әдебиетінде: «Меморат – это устный рассказ - воспоминания человека о личной судьбе или воспоминание о людях, с которыми его связала жизнь, воспоминания о конкретных фактах, событиях, очевидцем которых он являлся» [4; 39] - деген пікір үндестігін білдіреді. М.Әуезовтің «ең алғашқы қысқа әңгіме, қызық құрылысты өткір әңгіме, шебер өмірбаяндық әңгіме, жорық-жортуыл әңгімелері, шытырман оқиғалы әңгімелері» деп көрсетіп кеткен прозадағы фольклорлық әңгіме түрлеріне ерекше мән беріп, зерттеу жасау күн тәртібіндегі маңызды мәселе екендігін айтқымыз келеді. Сонымен бірге аталған саланы қазақ әдебиетінде М.Ғабдуллин, Ғ.Мүсірепов, Р.Бердібай, Ш.Ыбыраев, Е.Тұрсынов, Н.Төреқұлов, Б.Байтанаев, А.Сейдімбек, С.Қасқабасов т.б. ғалымдар зерттеді, бағдар берді. Б.Шалабаев «Қазақ прозасының тарихы» (1968) атты еңбегінде ұлттық проза жанрын фольклорлық мұралармен байланыстырып, проза жанрының бастау көзі халық шығармашылығында екенін атап өткен.

Қазақ әңгімесінің көркемдік жүйесінде фольклорлық мотивтер, образдар, мифологиялық сарындардың ықпалы бар, мифопоэтикалық ойлау дәстүрінің сабақтастығы үзілмеген, әйтсе де даму жүйесінде бірізділікті қажет етеді. Мифологиялық желі ХХ ғасыр басында әдебиетте жақсы көріне бастады. 1930-60 жылдар аралығында әр түрлі себептермен үзіліп, 1970 жылдардан бастап әңгімедегі эстетикалық сабақтастық қайта жалғасты. Бұл тек көркем әдебиетте емес, сыни-теориялық мақала, зерттеулерде де қызу талқыға түсті. Қазақ прозасындағы парадигмалық ассоциативті мифопоэтикалық ойлау жүйесі, сюжеттер, мифтік сарындар С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Жұмабай, Ж.Аймауытұлы шығармаларынан айқын көрінді. Әсіресе, М.Әуезовтің алғашқы әңгімелерінде көнетүркілік эпикалық дәстүр негізінде мифопоэтикалық архетиптерді ұтымды пайдалана білді. Одан мифопоэтикалық формаларды қолдану күрделене түсті, жаңа көркемдік ізденістермен байланыстырып, аталған үрдіс Ә.Кекілбай, Д.Исабеков, М.Мағауин, Д.Досжан, О.Бөкей, т.б. авторлардың туындыларында қайта жаңғыра бастады.

Әңгіме әдебиетімізде оқиғаны қарасөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма жанры деген анықтамаға ие [5; 59]. Әңгіме жанры аз сурет арқылы көп жағдайды аңғартатын айрықша көркемдік шеберлікті талап етеді. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, көркемдік жүйесі арқылы айқындалады. Қазақ әдебиетіндегі осы жанрда Б.Майлин, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов т.б. әңгімелерін үздік деп атауға болады. Ал, зерттеулер жүйесі арқылы әңгіме жанрының ерекшеліктері ашыла түсетіні анық.

Әңгіме жанры негізі 60-жылдардан бастап өз қарқынын ала бастады. Осыған орай ғылыми зерттеулердің шыға бастауы да заңды. «Вопросы литературы» журналының 1965 жылғы 10-санында «Қазіргі әңгімелердің кейіпкерлері кімдер?» деген мақалада әңгіме қатысты маңызды мәселелер көтерілді. Мәскеуде өткен Азия, Африка жазушыларының мәслихатында әңгіме жанры туралы күн тәртібінде қаралып, кемшілік тұстары мен пайдалы, тиімді жақтарын, теориялық тұжырымдарын көпшілікке ұсынды. Осы кезеңдерден бастап ғалым Б.Наурызбаевтың «Бейімбет Майлиннің эпикалық жанрдың шағын түрлері» (1965) атты кандидаттық диссертациясы мен «Бейімбет Майлин творчествосының шеберлігі» (1973) деген докторлық диссертациясы жарыққа шықты. Ғ.Мүсірепов шығармашылығына арналған Х.Әдібаевтың «Талант, талғам, тағдыр» (1971), З.Қабдоловтың «Жанр сыры» (1964) атты еңбектері алғашқы зерттеулер ретінде қазір де өз маңызын жойған жоқ. Нақты ғылыми анықтаманы алғашқы кезеңдерде Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, З.Қабдолов т.б. сынды ғалымдар берді. «Қара сөзбен баяндалған, көлемі шағын ғана қысқа шығармалар новелла немесе ұсақ әңгіме деп аталады» [6; 234] - деп ғалым Қ.Жұмалиев көрсетсе, Е.Ысмайлов: «Әңгіме – өмірде кездесетін қысқа эпизодты, тәптіштеп, жан-жағын қамтып суреттейтін жанр. Әңгіме новелладан көбірек жайылған екінші бір түрі» [7; 136] - деп өз пікірін білдіреді.

Ғалым З.Қабдолов ғылыми еңбектерінде әңгіме туралы пікірін нақты айқындады. «Әңгіме – шағын көлемді эпикалық түрдің соңғы жүз жыл ішіндегі нағыз классикалық үлгісі. Әңгіменің сыр-сипаты біржола кесіп-пішуге көнбейді, бірыңғай анықтама шеңберіне сыймайды» [8; 319]. «Әңгіме – шеберлік мектебі. Әңгіме – әдемі дүние: жауынгер, ұшқыр, өмір құбылыстарына шұғыл үн қосқыш, оқушысын тез тапқыш, өткір, икемді, сүйкімді жанр» [8; 321]. Бұл – З.Қабдоловтың әңгіме туралы айтылған қазақы оқырманға таныс зерттеулерінің нәтижесі. Зерттеушілердің барлығы дерлік осы анықтамаға мән беріп, өз зерттеуіне арқау етеді. З.Қабдолов өзінің ғылыми

еңбегінде ескеріп атап өткен белгілі ағылшын жазушысы, 78 кітаптың авторы Сомерсет Моэмнің әңгімелері әлемдік деңгейде жоғары бағаланады. Өзі де кезінде әңгіме жанрының мәселелеріне пікірін білдіріп отырды. «С.Моэм: Мне понравился этот жанр... Сам объем рассказа – примерно двадцать тысяч слов – позволял довольно полно развить тему не нарушая принципа лаконичности» [9].

Әлем әдебиетінің ішіндегі қазіргі түрік әдебиетінде әңгіме жанры 1940 жылдары әңгіме журналдарының пайда болуы осы жанрдың өркендеуіне жағдай жасады. Бұл орайда 1991 жылдан шыға бастаған «Адам. Әңгіме» журналын, 1996-1998 жылдар аралығында 9 саны шыққан «Қиялдар/ Әңгімелер» журналын, «Фазтон әңгіме» (1998), «Үшінші әңгімелер» (1998) журналдарын атап өтуге болады. 1970 жылдардан бастап түрік әдебиетінде әйел жазушылар әңгімеге көбірек көңіл бөлді. 1990 жылдарда авторлар өндіре жазды. Жихан Ақташтың «Үш төңкерістің баласы» (1991), «Әзизаның соңғы күні» (1997), Тансу Бэлэннің «Ах, менің Ыстамбұлдық әйел болғаным!» (1993), «Ай түнге қарай жалғыз туады» (1994), Селма Фындыклының «Күңгірт көшенің әйелдері» (1996), «Анкара бекеті» (1998) атты т.б. әңгімелері түрік әңгімесінің деңгейін өсірді. Сонымен бірге түрік әдебиетінде шоқтығы биік, әлемге танымал, Нобель сыйлығының иегері Орхан Памук шығармаларын атап өту қажет.

Қазақтың ұлы жазушыларының бәрі алғашқыда әңгімемен көрінді. Әңгіменің жанрлық табиғаты тым құбылмалы. Кейде әңгіме сюжетсіз болуы мүмкін, кейде қара сөзбен, ал кейде өлеңмен жазылуы да мүмкін. Әңгіменің негізгі ерекшелігі жинақылығында, ол қысқа жазылуы тиіс, шындығы бар нағыз құдіретті проза болуы тиіс.

Соңғы жиырма жыл ішінде жазылған қазақ әңгімелерінде қаламгерлердің ұлттық ауқымдағы шеберлік нақыштарымен ғана шектелмей, әлем әдебиетіндегі көркемдік үрдістерді қазақ топырағында жаңғырта білгендігімен көңіл аудартады. Сондықтан да бұл зерттеулер қазіргі әдебиетіміздің бүгінгі заманның көкейкесті маңызды мәселелерінің қандай бір көркемдік шешім тапқанын анықтауға бағытталып отыр. Сонымен бірге әңгімедегі жаңғырып, түрленіп отыр деген мәселелер жаңаша таныммен анықтау, қазіргі қазақ әңгімесіндегі жаңа образдар, көркемдік амал-әдістердің тереңіне бойлап сараптау, мәтіннен тыс тұрған құпияларды айқындау маңызды зерттеулер екендігі белгілі.

Қазіргі қазақ әңгімесін зерттеген А.Ісімақованың «Казахская художественная проза (поэтика, стиль, жанр)» [10] атты еңбегін, Г.Елеукуенованың «Казахский художественный рассказ» [11] атты еңбегін, С.Асылбекұлының «Қазақ повесі» [12] атты монографиясын және қазіргі әдебиетке жалпы академиялық сипатта зерттеу жасаған «Қазақ әдебиетінің тарихының» 10 томының 5-томын [13] атап өтуге болады. Бұдан өзге қазақ әдебиеттану ғылымында әңгімені әр қырынан С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Ш. Елеукуенов, З.С. Кедрин, Р.Тұрысбек, Б.Ыбрайым, Т.Жұртбай, Г.Пірәлиева, Ә.Бөпежанова, Г.С. Балтабаева т.б. ғалымдар мен әдебиет сыншылар еңбектерінде талданды.

Тәуелсіздік жылдардағы қазақ қоғамындағы өзгерістер рухани өмірімізді жаңа белестерге шығарды. Көркем өнер тез күш жинап, жемісті ізденістерге жеткенін зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр. Шығармашылық толғанысы ұзаққа кететін проза жанры, оны ішінде әңгіме жанры ширақ қимылдап, қаламгерлердің бірқатары осы тұста сөз еркіндігін пайдаланды. Жазушыларымыз көбіне жанына жақын тақырып – елдің егемендігін, ұлт мүддесін өз тақырыптарына арқау етті, ұлт әдебиетіне ортақ жаңа сапалар, өлшемдер кіргізді. «Қазақ прозасының тақырыптық деңгейі кеңіп, кеңестік жүйе кезіндегі жазылмақ түгілі айтуға болмайтын «жабық» тақырыптарға қалам тарту мүмкіндігі туды. Алдымен, халқымыздың ұлттық танымын, рухын көтеретін, өткеніне көз салған тарихи романдармен қоса қазақы ұлттық мінезімізді, салт-дәстүрімізді әспеттеген әңгіме, повестер пайда болды» [14; 6]. Бұл кезеңде қазақ әңгімесінің көркемдік деңгейін көтеруге Ш.Мұртаза, М.Мағауин, Қ.Жұмаділ, Т.Нұрмағамбетов, Ә.Тарази, Д.Досжан, С.Балғабай, С.Асылбекұлы, Н.Ақыш, Д.Әшімханұлы т.б. жазушылар өз үлестерін қосты. Әсіресе, ғалым Г.Балтабаеваның «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі (повестер мен әңгімелер)» атты докторлық диссертациялық еңбегінде Тәуелсіздік кезеңіндегі әңгіме жанрындағы фольклорлық символдар мен сарындардың қайта жаңғыру заңдылықтарын пайымдады, әңгіме жанры даму деңгейін ұлттық идеямен сабақтастыра отырып, жаңа прозалық ізденістерді көркемдік дәстүрмен байланыстыра саралады, әлемдік көркем ой үрдістер сабақтастығын виртуальды, айшықты, мистикалық прозаны қазақы дүниетанымға сай түрлену заңдылықтарын бағамдады. Сонымен

бірге қазіргі прозадағы әлеуметтік талдаудың, әлеуметтік символиканың, көркем антропологияның көркемдік ерекшеліктерін айқындады. Автор М.Мағауиннің, А.Алтайдың, А.Кемелбаеваның, Т.Шапайдың, Д.Амантайдың, Г.Шойбекованың, Ж.Қорғасбектің, т.б. жазушылардың әңгімелерін талдап, жаңаша қырынан көрсетті.

Қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанры көлемі жағынан оқырман үшін де, автор үшін де тиімді жанрлардың бірі болып отыр. Тәуелсіздіктен кейінгі прозада саяси мәселелерден тысқары өзінің тарихи-рухани ұлттық тамырына тереңдегенін шығармалардан көрінеді. XX ғасырдағы батыстық жаңғырудың қазақтың тіліне, әдебиетіне, діліне, қазақ қоғамына үлгі бола алмайтындығын сезініп, ұлттық кодты сақтай білу – ұлт болашағы екенін білетіндей. Ұлттық код, ең алдымен, тілде, содан кейін дәстүріміз бен салтымызда, мінезімізде, ұлттық мәдениетімізде. Міне, осы дүниелер қазіргі қазақ әңгімесіне аса қажет құндылықтар. Әңгімелердегі ақпараттарды айқындау күн тәртібіндегі мәселе. Қазақы салт-дәстүрдегі ақпаратты жинақтау, этномәдени ақпарат, ұлттық мінез бен характерге байланысты ақпарат, ұлттық стереотипке байланысты т.б. ақпараттар әңгіме арқауы болмақ. Ақпараттар автор мен оқырманға тікелей байланысты. Қазақы дүниелердің жаңғыруы – ұлт болашағы.

Әңгімелерді оқытуда жалпы оқырманнан бөлек, білім саласында жүйелі болғаны абзал. ЖОО мен мектеп саласы тікелей байланыста болуы шарт. Жаңартылған білім саласы бойынша оқытылатын әңгімелер ЖОО-да міндетті түрде оқытылуы тиіс. Мәселен,

5- сынып

- 1) Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?»
- 2) М. Қабанбай «Бауыр» әңгімесі
- 3) Т.Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала» әңгімесі
- 4) Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?» әңгімесі
- 5) Д.Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі.

6- сынып

- 1) О.Бөкей «Торғай мінер ақбоз ат» әңгімесі
- 2) А.Алтай «Прописка» әңгімесі

7- сынып

- 1) М. Әуезов «Көксерек» әңгімесі

8- сынып

- 1) Б. Момышұлы «Ұшқан ұя» әңгімесі
- 2) Т.Ахтанов «Күй аңыз» әңгімесі
- 3) Ж.Сахиев «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл» фантастикалық әңгімелері
- 4) Р. Мұқанова «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі

9 - сынып

- 1) А.Кемелбаева «Шашты» әңгімесі
- 2) Т.Сұлтанбеков «Көшпелі алтын» ғылыми фантастикалық әңгімесі

10 -сынып

- 1) Ш.Мұртаза «Тәуекел той» әңгімесі

11- сынып

- 1) Лира Қоныс «Тиын» әңгімесі

Орта мектеп білім ордаларына маманды ЖОО-да даярлап, бағытталатын болғандықтан осы жұмыс барысында түрлі себеп пен салдарын анықтап, нәтижеге жұмыс істелінуі қажет. Әңгімені оқытуда білім алушының бойына ұлттық құндылықтар мен құзыреттіліктерді қалыптастыру жалғасын тауып келе жатыр, әйтсе де заманауи технологиялармен тиімді оқыту, түсіндіру, талдау назардан тыс қалмағаны абзал.

Түйіндегенде, әңгіме жанры – әдебиет саласындағы ең қиын жанр (З.Қабдолов), бірақ ең тиімді жанр. Зерттелу тарихы, қолданылу аясы дегенмен бірізге түскен, көтерген жүгі ауырлау, тәрбиелік күші зор. Әңгіме – жинақы проза, эстетикалық қуаты берік. Ондағы ақпараттарды тануға терең білім мен биік мәдениетті қажет етеді. Әдебиет саласында әңгімелерді оқыту дұрыс сараланып, оқырманға ұсынылуы келешек ұрпаққа дұрыс тәрбие берілуіне себеп болары анық. Соған сәйкес әңгімелердің оқытылуын жаңаша бағамдап, олардың әдіс-технологияларын жүйелі түрде зерттеу, жоғары, орта білім ордаларында әңгімені оқыту байланысын үзбей, деңгейіне қарай ұсыну уақыт еншісінде.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991.
- 2 Нұрғали Р. Жетітомдық шығармалар жинағы. V том. Нұсқалық. - Астана: Фолиант, - 2005.
- 3 Қасқабасов С.А. Қазақ халық прозасы. - Алматы: Ғылым, - 1984.
- 4 Домахин А.А. Мемораты как источник по истории Арзамасского края// Молодой ученый. - 2016. № 11.2.
- 5 Қазіргі әдеби үрдіс: оқулық. / Ержанова С.Б., Зайкенова Р.Р., Бегманова Б.С. – Алматы:Қыздар университеті, - 2014.
- 6 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, - 1969.
- 7 Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. Алматы: Мектеп, - 1970.
- 8 Ысмайлов Е. Әдебиет теориясының мәселелері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, - 2011.
- 9 Бурлакова О.Н. Рассказ С.Мозга «Маска джентельмена»: в поисках социально-психологической идентичности. <http://md-eksperiment.org>.
- 10 Исмакова А. Казахская художественная проза» (поэтика, стиль, жанр). – Алматы: Ғылым, - 1998.
- 11 Елеукунова Г.Ш. Казахский художественный рассказ. – Алматы. – 2008.
- 12 Асылбекұлы С. Қазақ повесі. – Алматы: Үш қиян. – 2008.
- 13 Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 том. - Алматы: Ғылым, - 2005.
- 14 Балтабаева Г. Қазақтың жаңа прозасы. Монография. – Алматы: Астана Медиа Пресс, - 2014.

ИСТОРИЯ ИССЛЕДОВАНИЯ ЖАНРА РАССКАЗА

Б.Т. Панзабек¹, Зухал Юксел²

¹ PhD докторант 3 курса специальности 6D011700-Казахский язык и литература

² PhD, профессор

¹ Казахский национальный женский педагогический университет, г.Алматы, Казахстан

² Университет Анкара Кажы Байрам Уали, г.Анкара, Турция, email: bagyla05@gmail.com

В статье описывается история исследования, важность и проблемы преподавания жанра рассказа. Рассматриваются народные ценности в рассказах. Анализируются точки зрения зарубежных авторов и казахских литературоведов о значении жанра рассказа. В настоящее время художественные поиски, поэтические связи, проблемы анализа и обучения требуют особого исследования. В связи с этим в статье изучаются теоретические идеи в рассказе, исследуются общеизвестные факты и мнения, оцениваются новые подходы с их систематическим изложением.

Ключевые слова: рассказ, текст, интерпретация, информация, методы

HISTORY OF THE STORY GENRE RESEARCH

B.T. Panzabek¹, Zuhal Yuksel²

¹ PhD student of the specialty "6D011700 - Kazakh language and literature"

² PhD, Professor

¹ Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan,

² Ankara Kazhy Bayram Uali University, Ankara, Turkey, email: bagyla05@gmail.com

The article describes the history of research, the importance and problems of teaching the genre of the story. National values in stories are considered. The points of view of foreign authors and Kazakh literary critics about the importance of the genre of the story are analyzed. Currently artistic quest, poetic communication, problem analysis and training require special study. In this regard, the article examines theoretical ideas in the story, examines the known facts, and opinions, valued the new approaches with their systematic presentation.

Key words: story, text, interpretation, information, methods

Редакцияға 10.05.2019 қабылданды